Автор: Алкуатова Айгул Шоферовна
Пән: Математика
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Аудан. Шамалар
Тақырып: Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын табу

Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын табу	Тікбұрышты үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш ауданы формуласын: S= (a.b):2, S=a2, S=a.b шығарып алу және қолдану

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**

Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын табу (25.11.2019)	**Сабақ тақырыбы** Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын табу **Сабақ негізделген оқу мақсаттары** 3.3.1.3 тікбұрышты үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш ауданы формуласын: S= (a.b):2, S=a2, S=a.b шығарып алу және қолдану **Сабақтың мақсаты** Барлық оқушылар: есептерді шығару әдісін түсіндіреді. Көптеген оқушылар: есептеудің жазбаша тәсілдерін пайдаланады. Кейбір оқушылар: оқулықта берілген тапсырмаларды өз бетінше орындайды. **Бағалау критерийі** -геометриялық фигуралардың белгілерін көрсету -құрамдастырылған пішіндердің периметрін табу, периметр бойынша пішіннің белгісіз қабырғасын анықтау және белгілі қабырғасы бойынша периметрді табуды үйренеді. -тіктөртбұрышты, квадрат, тікбұрышты үшбұрыштың аудандарын табу формулаларын құрастыру және пайдалана біледі. -Шамалардың арасында байланысты есептерді шешкен кезде пайдалану. **Тілдік мақсаттары** -симметриялы және симметриялық емес геометриялық пішіндер - пішіндердің бір-біріне қатысты орналасуы - көпбұрышты, біріктірілген пішіндер, бұрыш, қабырға, төбе, периметр, аудан **Құндылықтарды қалыптастыру** Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. **Ресурстар** Қима қағаздар, стикерлер, бағалау құралдары, слайдтар **Әдіс-тәсілдер** Түсіндіру, баяндау, ойын **Пән аралық байланыс** Дүниетану **Бастапқы білім** Тіктөртбұрыш пен шаршының периметрі мен ауданын табу біледі Сабақ жоспары Сабақ жоспарланған кезеңдері Сабақтағы жоспаланған іс-әрекетРесурстар **Ұйымдастыру кезеңдері** **2 мин** Ынтымақтастық атмосферасын құру Математика керек әр күнде Математика қажет өмірде, Математиканы оқимыз, Миымызға тоқимыз. **Топтастыру** **2 минут** **Топқа бөліну** Геометриялық фигуралар арқылы топқа бөлу. «Тіктөртбұрыштар»,«Шаршылар», «Үшбұрыштар» Қима қағаз артында берілген тапсырмаларды орындау **«Тіктөртбұрыштар » тобы** тапсырмасы Ұзындығы 8 см ,ені 2 см болатын тік төртбұрыштың периметрін тап. **«Шаршылар» тобы тапсырмасы** Ұзындығы 7 см болатын шаршының ауданын тап **«Үшбұрыштар» тобы** Периметр мен ауданның формуласын жазып көрсет. **Мақсаты:** фигуралардың ауданын ,периметрін және формулаларын жаза біілу. **Дағды:** оқушыларды ынтымақтастыққа ,бір-біріне көмек көрсету,бірлесіп жұмыс жасауға дағдыландыру Геометриялық фигуралар Жарайсыңдар ! «Ойқозғау» әдісі 4 минут	видеопроектор слайдтар стикерлер смайликтер геометриялық фигуралар кері байланыс бағалау парағы оқулық дәптерлер